



«Бекітемін»
ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту
институты» РММ директоры
Г.Онланбекқызы
_____ 2024 ж.

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Мен зерттеушімін» республикалық байқауын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ереже

1.1. Осы Ереже меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар арасында балаларға арналған «Мен зерттеушімін» республикалық байқауын ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді, мақсаты мен міндеттерін айқындайды.

1.2. Байқау ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ-нің (бұдан әрі – Институт) 2024 жылға арналған жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. **Мақсаты:** қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту, қарапайым экологиялық ұғымдарды қалыптастыру.

1.4. Міндеттері:

- тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, қажеттіліктерін, жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, танымдық, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

- балалардың қарапайым зерттеулер жүргізуге қызығушылығын қалыптастыру, тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту;

- балалардың коммуникативтік, креативті және сыни ойлау, командамен жұмыс істеу дағдыларын дамыту;

- балаларды себеп-салдарлық байланыстарды орнатуға, зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, объектілерге зерттеу жүргізу үшін алгоритмін жасауға үйрету;

- балалардың зерттеу әрекетіне ата-аналарды тарту, қауіпсіздік ережелерін сақтау.

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

2.1. Байқауды ұйымдастырушылар – «Балаларды ерте дамыту институты» РММ-сі, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың білім басқармалары, аудандық бөлімдер.

2.2. Байқаудың I және II кезеңдерін ұйымдастыру және өткізу үшін Ережеде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармаларының байланыс телефондары мен электрондық пошталарын көрсету қажет.

2.3. Байқау үш кезеңде өткізіледі:

1-ші кезең – аудандық (қалалық);

2-ші кезең – облыстық;

3-ші кезең – республикалық деңгей.

2.4. Өңірлерде Байқау өткізу туралы хабарландыруды аудандардың, қалалардың білім бөлімдері, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармалары бұқаралық ақпарат құралдарында, Интернет-ресурстарда Байқау басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жариялайды.

2.5. Байқаудың барлық кезеңдерінде материалдарды бағалау үшін басшылардың бұйрығымен аудан, қала (облыстық, республикалық маңызы бар қала), облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана (құрамы кемінде 7 адам) деңгейінде өңірлік комиссия құрылады.

2.6. Байқау комиссиясы аудандық, қалалық бөлімнің, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармасының қызметкерлері, мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, білікті педагогтер, әдіскерлер, ата-аналар қоғамдастығының өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдары және т. б. қатарынан құрылады.

2.7. Байқау комиссиясының мүшелері:

- лайықты үміткерлер болмаған жағдайда, жүлделі орындар бермеуге;
- техникалық ақауларға байланысты (қатысушы тарапынан) ашылмаған бейнематериалдарды қарамауға;
- ұзақтығы осы Ережеде белгіленген уақыттан асатын бейнематериалдарды қарамауға
- Ережеде көрсетілген мерзімнен (2.9. тармақ) кеш жіберілген бейнематериалдарды қарамауға құқылы.

2.8. Республикалық кезеңнің Байқау комиссиясының қарауына жолданатын материалдар тізімі:

- 1) Облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармаларының **ілеспе хаты**;
- 2) Байқауға қатысу үшін **өтінім** (осы Ереженің 1-қосымшасы)
- 3) II кезеңнің қорытындысы бойынша Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары комиссиясының **хаттамасы** (сканерленген көшірмесі);
- 4) ресімдеуге қойылатын талаптарға және бағалау өлшемшарттарына сәйкес келетін **бейнематериал** (2-қосымша).

2.9. Материалдар мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «**Мен зерттеушімін**» республикалық байқауының атауымен 2024 жылғы «22» сәуірден кешіктірілмей Институттың i-rrd2021@mail.ru электрондық поштасына жіберіледі. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды, сондай-ақ қайтарылмайды.

3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар және шарттары.

3.1. Байқауға мектеп жасына дейінгі ересек (4 жас) I жеңімпаз, мектепалды топтары/сыныптары (5 жас) I жеңімпаз тәрбиеленушілерінің жеке және топтық жұмыстары тәрбиелеу және білім беру тілінде ұсынылады.

3.2. Байқауға жеке қатысушылар (педагогпен немесе ата-анасымен бір тәрбиеленуші), шығармашылық топ (педагогпен немесе ата-анасымен тәрбиеленушілер (бірге 5 адамға дейін) қатыса алады. Бір автор немесе топ тек **бір** ғана жұмысты ұсына алады.

3.3 Бейнелер YouTube бейне платформасына жүктеледі, өтінімде сілтеме орналастырылады.

3.4. Жұмысқа қойылатын талаптар:

- 1) зерттеу жұмысының баланың жасына сәйкестігі;
- 2) зерттеу жұмысына баланың қызығушылық танытуы, өз ойын еркін жеткізуі;
- 3) зерттеу нәтижесі;
- 4) бала мен ата-ананың бірлескен әрекеті (зерттеу әрекетін бірге жасаған кезде);
- 5) зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау.

3.5. Жобаны қорғау үшін қатысушылар көрнекі материалдарды қолдана алады.

3.6. Өтінім болашақта Байқауға қатысушылардың осы Ереженің шарттарын толық қабылдайтындығын, Байқау өткізу шеңберінде дербес деректерді өңдеуге келісім беретіндігінің дәлелі болып табылады.

4. Бағалау критерийлері

4.1. Орындау деңгейі 5 балдық жүйе бойынша келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- жобаның мәлімделген тақырыпқа, жас санатына сәйкестігі;
- мақсат, міндеттер мен нәтижені қалыптастырудың бар болуы және сауаттылығы;
- материалды ұсынудың қисындылығы мен дәйектілігі;
- жұмыстың жүйелілігі;
- жоба бойынша жұмыстың әртүрлі кезеңдерін орындауда баланың (балалардың) дербестік дәрежесі;
- шығармашылық тәсіл;
- материалдың жоба тақырыбына сәйкестігі;
- жобаның эстетикалық дизайн деңгейі.

5. Бейнематериалдарға қойылатын талаптар:

5.1. Байқау бейнежазбасы келесі талаптарға сай болуға тиіс:

- түсіру сапалы, бейнекамераны өшірмей және тоқтатпай орындалуы тиіс (нөмірдің басынан аяғына дейін);
- бейнежазба MPEG-4 форматында қабылданады;
- әрбір файлдың көлемі 300 Мб артық емес;
- бейне файлдарда қатысушылар туралы ақпарат болуы керек (аты-жөні, жасы, мектепке дейінгі ұйымның атауы) *(2-қосымша)*.

6. Қорытынды шығару, жеңімпаздарды марапаттау

Байқаудың қорытындысы бойынша I орын, II орын, III жүлделі орындар және «Таңқыр зерттеуші», «Жас эколог», «Креативті жұмыс», «Жаңалық жаршысы», «Үздік бірлескен (ата-анамен) жұмыс» номинациялары белгіленеді.

6.1. Байқау жеңімпаздары Институттың дипломдарымен марапатталады, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді дайындаған педагогттерге алғыс хаттар беріледі.

6.2. «Мен зерттеушімін» байқауының қорытындысы мен жеңімпаздардың байқауға ұсынған материалдары Институттың www.irrd.kz сайтында және әлеуметтік желілерде жарияланады.

Анықтама телефоны: 8 (7172) 57-46-51

_____ облысы бойынша

**мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Мен зерттеушімін»
республикалық байқауына қатысу үшін
ӨТІНІМ**

Мектепке дейінгі ұйымның толық атауы	
Жобаны орындаушы (аты-жөні, жасы)	
Жоба жетекшісі (аты-жөні, лауазымы)	
Жоба тақырыбы	
Мақсаты, міндеттері, нәтижесі	
Бейнеролик орналастырылған YouTube платформасындағы сілтеме	

**Бейнематериалды ресімдеуге және бағалау өлшемшарттарына
қойылатын талаптар
(10 балл)**

Бейнематериалдың басты бетінде мектепке дейінгі ұйымның атауын; жұмыстың, жобаның атауын; авторлардың (баланың тегі, аты, жасы) және жетекшілердің (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, жұмыс орны) туралы мәліметтерді көрсету қажет.

Бейнеролик ізденіс және зерттеу жұмысының барысын, нәтижесін көрнекі түрде көрсете отырып, баланың (балалардың) сөйлеген сөзін қамтуы тиіс.

Бала (балалар) зерттеудің ол (олар) үшін маңыздылығын, өзі күтетін нәтиженің болжамын, зерттеу жұмысының нәтижесін түсінікті жеткізеді.

Жұмыстың мазмұны баяндалады. Бала (балалар) зерттеу қалай жүргізілгенін, қандай әдістер қолданғанын, қандай құралдар пайдаланғанын айтады.

Алған нәтижелерін көрсетеді және бағалайды, қорытынды жасайды, тақырыптың неліктен қызықтырғанын, алдағы уақытта қандай зерттеулер жасағысы келетінін айтып береді.

Мультимедиялық сүйемелдеу, фото – бейне-аудиотекалар; тәжірибелер, эксперименттер, бақылаулар нәтижелері; суреттемелер, сызбалар, кестелер және т. б. пайдалануға болады:

Байқау жұмысын бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- жобаның мәлімделген тақырыпқа, жас ерекшелігіне сәйкестігі;
- мақсаттарды, міндеттерді, нәтижелерді тұжырымдаудың болуы және сауаттылығы;
- материалды ұсынудың қисындылығы мен реттілігі;
- жұмыстың жүйелілігі;
- жоба бойынша жұмыстың әртүрлі кезеңдерін орындаудағы баланың (балалардың) дербестік дәрежесі;
- шығармашылық;
- материалдың жоба тақырыбына сәйкестігі.
- жобаның эстетикалық дизайн деңгейі.

Бейнематериалдың техникалық сипаттамалары:

- төмен рұқсаттылығы – 720 x 480 (12:8 см);
- жобаның презентациясымен бірге бейнематериалдың ұзақтығы –

5 (бес) минуттан аспау керек.

Жобаны қорғау барысы туралы бейнеролик өтінімге сілтеме орналастыра отырып, YouTube бейне платформасына жүктеледі.